

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
26.05.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 26.05.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Жамбылұлы Шәпкенов мырзаға беріледі.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы енгізіледі.

Заң жобасы Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды орындау шеңберінде әзірленген және Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2020 жылға арналған жоспарында көзделген.

Заң жобасы негізіне Парламент Мәжілісі мен Сенатындағы жұмыс тобы мүшелерінің, Үкімет жанындағы мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің, сондай-ақ жұртшылық пен сараптамалық қоғамдастықтың ұсыныстары қабылданды.

Заң жобасы мүгедектігі бар адамдарды, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасыларды, еңбек ардагерлерін және азаматтардың өзге де жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау жөніндегі заңнаманы жетілдіру үшін әзірленді.

Бұл нормаларды «Nur Otan» партиясы қолдап, сайлауалды платформада көрініс тапқанын айта кету керек.

Негізгі тұжырымдамалық жаңалықтарға тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Бірінші. Себептеріне қарамастан бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға күтім көрсетушілерге жаңа жәрдемақы түрін енгізу қаралған.

Бүгінгі таңда бірінші топтағы 66 мың мүгедектің ішінен әрбір үшіншісі күтімі бойынша жәрдемақымен де, жеке көмекшінің қызметімен де

камтылмаған. Яғни басқа адамның көмегіне зәру, өз бетімен жүріп-тұра алмайтын мүгедек жандар.

Осылайша, заң жобасын қабылдау нәтижесінде күтімі бойынша жәрдемақымен қосымша 24 мың адам камтылатын болады.

Қазіргі таңда жәрдемақыны енгізу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Екінші. Бала денсаулығының бұзылу дәрежесін және тыныс-тіршілігінің шектелуін ескере отырып заң жобасында 7 жастан 16 жасқа дейінгі балаларды мүгедектік топтары бойынша бөлу көзделеді.

Бұл шара бала ауруының дәрежесіне қарай оңалту іс-шаралары мен әлеуметтік көмекті, оның ішінде жәрдемақылар мөлшері бөлігінде саралауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте мүгедек балалардың барлық топтары үшін жәрдемақы мөлшері 16,7 пайыздан 37 пайызға дейін ұлғайтылады. Бұл шара 30 мыңнан астам мүгедектігі бар балаға әсер етеді.

Үшінші. Мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақыларды бір мезгілде алу құқығын беру көзделеді. Бұл асыраушысынан айырылған және құрамында мүгедек балалары бар отбасылардың табыс деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда мүгедектігі бар балалар ата-анасы ажырасқан кезде алиментке қоса мүгедектігі бойынша жәрдемақыны қатар алып отырады. Алайда ата-анасының (асыраушысы) біреуі не екеуі де қайтыс болғанда бала тек қана мүгедектігі бойынша немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы алады.

Жәрдемақының екі түрін бір мезгілде тағайындау ата-анасынан айырылған балаларға қатысты кемсітетін норманы алып тастауға мүмкіндік береді. Аталған норма енгізілген кезде 2 мыңнан астам бала мүгедектігі бойынша жәрдемақымен қоса асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алады.

Төртінші. Жұмыс берушінің өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда еңбекте мертігуден мүгедек болған адамдарды мемлекет есебінен оңалтудың техникалық құралдарымен және қызметтерімен камтамасыз ету.

Бүгінгі күні жұмыс беруші – жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда олардың міндеттемелерін мемлекет өзіне алады. Бұл ретте кәсіпорын қызметі тоқтап тұрған кезеңде немесе банкроттық рәсімдерін жүргізу кезінде мүгедектер оңалтудың техникалық құралдарын алу мүмкіндігінен айырылған.

Көбінесе банкрот жұмыстары 1,5 жылға дейін созылуы мүмкін. Аталған мерзімде өндірісте мүгедектік алған адам техникалық құралдары мен оңалту қызметтерін ала алмай қалады. Аталған шара 2 мыңға жуық адамды техникалық құралдары және оңалту қызметтерімен камтуға мүмкіндік береді.

Бесінші. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға бала кәмелеттік жасқа толғаннан кейін де тұрғын үй алу үшін кезекте тұру құқығын сақтау.

Тәжірибеде бұндай отбасылар үй алуға 10 жылға дейін кезекте тұра береді. Егер олар 18 жасқа дейін үй алмаса, онда олар мүгедектігі бар адам ретінде қайтадан кезекке тұру керек. Бұл норма 20 мыңнан астам отбасының кезектілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Заң жобасында мүгедек баланы күту кезеңін 18 жасқа дейін ұзарту көзделген. Ол жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен базалық зейнетақы тағайындау кезінде оң әсерін тигізеді. Қазіргі уақытта мүгедек баланы күту кезеңі 16 жасқа дейін ескерілген.

Сонымен қатар табысы аз отбасылардың балаларын кепілдендірілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету қарастырылған. Оған қоса арнаулы әлеуметтік қызметтердің тиімділігін және атаулылығын арттыратын өзге де қосымша нормалар көзделген.

Құрметті депутаттар! Қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған негізгі тұжырымдамалық жаңашылдықтар қысқаша айтқанда осындай. Заң жобасын қабылдау 400 мыңдай отандасымыздың құқықтарын жақсартуға ықпал етеді.

Заң жобасы қажетті 55,4 миллиард теңгемен қамтамасыз етілген. Бұл ретте шығын нормалары 2021 – 2023 жылдарға бөлінген қаражат шеңберінде іске асырылатын болады.

Сөзімнің соңында жұмыс тобының мүшелеріне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына жемісті жұмысы, сындарлы тәсілдер және жекелеген санаттардың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау жөніндегі өзекті ұсыныстары үшін өз алғысымды білдіремін.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Жамбылұлы.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Заң жобасында бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын адамға 1,4 ең төменгі күнкөріс деңгейі (48 мың 23 теңге) мөлшерінде жәрдемақы енгізіліп отыр.

Мүгедекке күтім жасау бір елді мекенде бірге тұруды, сондай-ақ реттелмейтін қанағаттандыру қажеттігі тәулігіне бір рет және одан да көп туындайтын шұғыл қажеттіліктерді орындау үшін бірінші топтағы мүгедекке көмек көрсетуді білдіреді деп көзделуде. Бұл жерде жеке гигиенаны сақтау, киіндіру, тамақтандыру кезінде көмек көрсету және тағы да басқалар жөнінде айтылып отыр.

Осы ретте мұндай талаптардың енгізілуі неге негізделіп отырғандығына тоқталып өтуіңізді сұраймыз. Өйткені заң жобасында осы негіздемелер келтірілмеген. Бұл бірінші.

Сонымен қатар бүгінгі таңда 18 жастан асқан бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын адамдар мұндай жәрдемақыны алып жүргені де баршамызға белгілі. Алайда олар үшін ешқандай шарттар қарастырылмай отыр. Мұндай мәселе неліктен орын алып отыр? Осыны түсіндіріп беруіңізді сұраймын.

Облыс орталықтарында болған кезде Сіздің министрліктің қызметкерлері аудан мен ауыл тұрғындарының осы талаптарды орындауын қалай бақылайды? Менің ойымша, егер бірге тұруды тексеруге мүмкіндік болса, ал өмірлік қажеттіліктердің күнделікті орындалуын тексеру қалайша мүмкін болмақ және ол қалайша қисынды? Рақмет.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! 2018 жылдан бастап осы күтім енгізілді. Бұның себебі, жаңа өзіңіз айтқандай, үйде қарап-ұстау көмектерін көрсету керек болатын. Жаңа баяндамада айтып кеттім, қазіргі таңда 66 мың бірінші топтағы мүгедек бар, оның 24 мың мүгедегі дәл осындай жағдайға ұшыраған, бірақ бала жастан емес, өзінің өмір жолы барысында болған. Соны теңестіру негізінде осы жәрдемақы енгізіліп отыр.

Жәрдемақы бұл мемлекет тарапынан берілетін кепілдендірілген көмек. Біз оны негізінен мүгедек таңдап алған азаматқа төлейтін боламыз. Мүгедектігі бар азамат өз өтініші бойынша күтім жасайтын адамды таңдап алуына болады. Негізгі шарт – күтім көрсететін адам сол елді мекенде тұруы тиіс. Жаңа айтылып кеткендей, мемлекеттік жәрдемақы болғандықтан ол тексерілмейді. Егер арыз түссе, біз министрлік тарапынан тексеру жүргізіп, түсіндірме жұмыстарын өткіземіз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Действующим законодательством детям-инвалидам независимо от степени и тяжести заболеваний устанавливаются категория «дети-инвалиды до 16 лет» и единый размер пособия. Законопроектом же предусмотрено, что группа инвалидности будет устанавливаться теперь с семилетнего возраста, то есть дети-инвалиды до 16 лет должны будут пройти переосвидетельствование для установления им группы инвалидности.

Первый вопрос. Мы знаем, что дьявол всегда скрывается в мелочах. Поэтому каков будет механизм переосвидетельствования?

Второй вопрос. Проектом закона предусмотрено, что размеры государственных пособий для детей-инвалидов с 7 до 16 лет будут теперь повышены:

для первой группы инвалидов с коэффициентом 1,92 прожиточного минимума, что составит сегодня 65 тысяч 860 тенге;

для второй группы инвалидов с коэффициентом 1,59 прожиточного минимума, что составит сумму 54 тысяч 541 тенге;

для третьей группы инвалидов с коэффициентом 1,4 прожиточного минимума, что составит 48 тысяч 23 тенге.

Скажите, пожалуйста, с какого периода им будет назначено повышенное пособие?

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Во-первых, мы предусмотрели разделение с 7 лет по трем категориям (первая, вторая и третья группы инвалидности) в соответствии с физиологическими подходами.

Пособие будет назначаться с момента вступления закона в силу. В течение шести месяцев мы будем переосвидетельствовать, но если у ребенка будет устойчивое ограничение, тогда к нему мы будем засчитывать период с момента принятия закона.

Что касается детей, то мы посчитали, их примерно 52 тысячи. Из них половину детей мы должны перераспределить по первой и второй группам, остальные 26 тысяч детей – с умеренными ограничениями, то есть автоматически третья группа.

ТӨРАҒА. Серик Жамбулович, что касается категорий, здесь понятно. Первая часть вопроса депутата Жамалова была по механизму переосвидетельствования. Ол енді дұрыс шығар, 7 жастан 16 жас аралығындағы балаларды қайтадан қарап, куәлік жинау. Бірақ осы жерде бір сұрақ туындайды.

Не окажется ли теперь, что родители снова будут доказывать инвалидность своих детей, снова будут ходить по кабинетам, снова будут выстаивать в очередях? Вот в чем вопрос. Какой механизм сегодня? Наверное, в век цифровых технологий и автоматизации это вообще недопустимо, тем более если мы этих людей пустим по второму кругу. Необходимо эту процедуру касательно определения категории инвалидности детей сделать упрощенной, в проактивной форме или формате.

Что это означает? Это означает, что Вашему министерству и Министерству здравоохранения (вице-министр Буркитбаев присутствует) надо уже сегодня выработать алгоритм совместных действий. Во избежание ажиотажа родительского сообщества вы должны сделать все, чтобы оперативно завершить интеграционные процедуры, интеграционные процессы всех ваших информационных систем, чего сегодня нет еще. Понимаете, о чем речь?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Иә.

ТӨРАҒА. Если вы сейчас опять пустите, что называется, друг за другом в очередь и по всем кабинетам, ол дұрыс емес қой. ХХІ ғасыр, ақпарат заманы, жаңа технология заманы болғаннан кейін заманға сай жағдай жасауымыз керек. Осындай мәселе. А готовы ли Ваше министерство и Министерство здравоохранения со своими информационными системами? Следующий вопрос: насколько они у вас интегрированы?

Вот в чем, как я понимаю, был вопрос Аманжана Макаримовича.

Как я говорил, все это должно быть в проактивном формате, когда услуга идет к человеку, а не человек бежит от окошка к окошку. Законодательную

базу мы вам создаем. Категория бойынша өз баяндамаңызда да айттыңыз, оны да қолдаймыз. Заң актілері бола ма, Үкіметтің қаулысы бола ма, оны қалай жасайсыздар, ол екі министрліктің жұмысы.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Түсінікті, Нұрлан Зайроллаұлы. Бірінші мәселе бойынша біз заң жобасына өзгеріс енгізбекшіміз. Өзіңіз айтқандай, үлкен кезектер қалыптаспау үшін біз алты айға дейін мүмкіндік береміз, алты айдың ішінде мүгедектігі бар азаматтар келіп, өзін бірінші немесе екінші, үшінші топ екенін дәлелдейді, соған байланысты біз қоямыз. Егер ол үшінші айда, төртінші айда келетін болса, заң күшіне енген кезден бастап оған жәрдемақысы төлене береді.

Бізде Денсаулық сақтау министрлігімен интеграция әлі жүріп жатыр, Нұрлан Зайроллаұлы.

ТӨРАҒА. Серік Жамбылұлы, сол ғой, әлі дайындық жоқ. Ертең заң қабылданады, Президент оған қол қояды. Ертеңнен бастап бір топ емес, Қазақстанның барлық облыстарынан бала-шағасымен келеді. Сонда не істейміз? Интеграцияларыңыз қашан дайын болады?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Денсаулық сақтау министрлігі 1 шілдеге дайын боламыз деді.

ТӨРАҒА. Қаражат бөлінді. Солай емес пе?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Қаражат бар. Біз сонымен қатар, Нұрлан Зайроллаұлы, сырттай куәландыруды 1 шілдеден бастап енгізгелі отырмыз. Біз осы жүйемен алдымен бірінші, екінші топтағы балаларды өткіземіз.

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау вице-министрі Жандос Қонысұлы Бүркітбаев.

БҮРКІТБАЕВ Ж.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Министерством здравоохранения в части реализации заочного освидетельствования на инвалидность проводятся следующие работы.

Первое. Информационная система Министерства здравоохранения на сегодняшний день интегрирована с информационными системами медицинских организаций – в части предоставления информации по освидетельствованию.

Второе. Информационная система Министерства здравоохранения интегрируется с интеграционной системой Министерства труда и социальной защиты населения – в части предоставления информации на медико-социальную экспертизу по предоставлению инвалидности.

Данный вопрос проходит в тестовом режиме и с 1 июля 2021 года будет апробирован в пилотном варианте в шести регионах. Дальше по графику будут охвачены все регионы. С 1 января 2022 года планируется эту услугу внедрить уже по всему Казахстану.

ТӨРАҒА. Жандос Қонысұлы, Денсаулық сақтау министрлігі тест десе, елдің шашы тік тұрады. У вас и с ПЦР-тестами продолжается, и сейчас все продолжается. И когда Вы говорите, что все в тестированном формате, возникает беспокойство. Поэтому депутат Жамалов и поднял этот вопрос. А готов ли у вас механизм? Ваши системы интегрированы? Вы говорите, что в

тестовом формате. Хорошо, внутри вашего ведомства. Вам нельзя не верить, билдей вице-министр болғаннан кейін. Да, наверное, внутри у вас уже есть. А о чем теперь идет речь? Что у вас для механизма переосвидетельствования должна быть полная интеграция с Министерством труда и социальной защиты населения. Здесь вы должны быть готовы к тому, что как только закон будет принят, начнет действовать с момента его подписания, механизм должен четко работать. Это же особая категория людей. Понимаете? Үйге балаларын тастап сіздердің кабинеттеріңізге жүз рет бара алмайды. Мәселе сонда, Жандос Қонысұлы.

БҮРКІТБАЕВ Ж.Қ. Нурлан Зайруллаевич, мы с 1 июля приступаем к пилоту, в рамках которого, как я отметил, будут охвачены шесть регионов. Мы все это полностью отработаем, до конца года будут охвачены все регионы. Думаю, что мы приложим максимум усилий, чтобы в конечном итоге с 1 января 2022 года эта услуга была доступна для всей республики.

ТӨРАҒА. А когда вступает в силу закон, Серік Жамбылұлы?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Біз қыркүйек деп отырмыз. Нұрлан Зайроллаұлы, біз ол жүйеге қарап отырған жоқпыз. 52 мың баланы іріктеп алдық, олардың бүкіл диагнозы бар, соның ішінде бірінші топқа 7 мың 700 бала, екінші топқа 20 мың бала деп отырмыз. Денсаулық сақтау министрлігімен бірге өңірлермен жұмыс істеп жатырмыз. 9 мыңға жуық мүгедек баласы бар ең үлкен өңір ол Түркістан облысы болып отыр. Біз жұмыс жүргізіп жатырмыз. Дұрыс айтасыз, интеграция бойынша біз артта қалып келе жатырмыз.

ТӨРАҒА. Серік Жамбылұлы, өте маңызды сұрақ. Ол тек сіздердің министрліктеріңіздің ғана емес, Денсаулық сақтау министрлігінің де жұмысы. Оны бақылауға алыңыз. Жарай ма?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Түсінікті.

ТӨРАҒА. Ол адамдар сіздердің немесе денсаулық сақтау саласының кабинеттеріне барып жүрмесін, ХХІ ғасыр болғаннан кейін, жаңа технологияның заманы болғаннан кейін оларға жағдай жасауымыз керек. Келістік пе?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Келістік, Нұрлан Зайроллаұлы.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызына беріледі.

НҰРЫМОВА Г.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства индустрии и инфраструктурного развития.

В настоящее время дети с инвалидностью, которые стоят в очереди на жилье, по достижении ими 18 лет вынуждены заново встать в новую очередь по категории «инвалиды первой и второй групп», тем самым семьи, имеющие в составе ребенка-инвалида, отодвигаются по срокам обеспечения жильем.

Теперь же законопроектом предусмотрена норма в части сохранения очередности на получение жилья семье, воспитывающей детей-инвалидов, по достижении ребенком 18 лет. Это своевременная и необходимая норма. Мы ее поддерживаем.

Сегодня ваше министерство проводит работу по выработке новой модели обеспечения жильем социально уязвимых слоев населения путем формирования единой жилищной очереди.

Скажите, пожалуйста, учтена ли данная категория лиц в этой схеме? Если нет, то как планируете решать этот вопрос? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Каирбек Айтбаевич Ускенбаев.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Действительно, министерством разработан проект Закона «О жилищных отношениях», который сейчас находится на согласовании государственных органов. Мы планируем в июне войти в Правительство, а если успеем согласовать с Правительством и Администрацией Президента, то и в Мажилис Парламента.

Действительно, при обсуждении данного законопроекта мы специально вывели весь жилищный вопрос, который составляет очень большой блок, в отдельный законопроект, а здесь оставили самое необходимое.

Нурлан Зайруллаевич, мы просмотрели динамику. Например, с 2001 года по 2014 год практически один-два человека достигали совершеннолетия, в прошлом году – 18 таких семей, в этом году – 51, 99, 115. То есть очередность уже увеличивается. Эта норма очень своевременная. Большое спасибо за поддержку. Она сейчас действительно необходима.

В соответствии с идеологией нового законопроекта мы построили лестницу доступности жилья для обеспечения необходимым жильем социально уязвимых слоев населения практически в течение пяти лет.

Практически с учетом молодых семей мы строим около 10 тысяч квартир арендного жилья. Мы сейчас построили идеологию, что людям необходимо сейчас жить в нормальных условиях, а не в долгосрочной перспективе.

ТӨРАҒА. Правильно.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Поэтому эти деньги, которые раньше были направлены на строительство, сейчас перенаправляются на субсидирование арендной ставки. Практически до 80 процентов коммерческой арендной ставки будет субсидироваться, и люди одновременно могут получить это жилье и жить, пока те возможности и их доходы, которые они имеют, не увеличатся.

Теперь мы как пробный вариант в рамках реализации программы «Отбасы банка» под 2 процента... Помните, в Программе «Шаңырақ» мы по годам определили, потому что получилось так, что когда мы запустили программу по многодетным семьям и в ускоренном порядке начали выдавать, то многодетные семьи, которые поставлены на очередь три-четыре года назад, начали получать квартиры, а семьи, воспитывающие детей-инвалидов, стоящие в очереди десять и более лет, не получили. Поэтому мы говорим: нет, в первую очередь получают те, кто встал в очередь в 2010 году, потом 2011 год, 2012 год. В соответствии с этой постановкой на учет ваши пожелания

и требования учтены. То есть по году постановки на учет первыми эти люди получают квартиры.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Коллеги, надо сказать объективно, министерство проводит большую работу. Каирбек Айтбаевич, эта новая модель обеспечения жильем социально уязвимых слоев путем формирования единой жилищной очереди объективна и справедлива. Здесь вопросов нет. Вы быстрее ее проводите, конечно. Мы Вас поддержим с этим проектом закона.

Одна единственная просьба будет, Каирбек Айтбаевич. Вот такое социальное жилье должно строиться все-таки с лучшим качеством строительства. Возьмите на контроль, пожалуйста. Наверное, Вам известны случаи, да и к депутатам обращаются избиратели. Как социальное жилье – так качество хромает. Хорошо? Жаксы.

Сөз депутат Набиев Вакиль Гусейновичке беріледі.

НАБИЕВ В.Г. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Серик Жамбылович! Мой вопрос в продолжение предыдущего вопроса и касается Портала социальных услуг.

Законопроектом вносятся изменения в статью 22 Закона «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», предусматривающие возможность обеспечения протезно-ортопедической помощью, техническими средствами, специальными средствами передвижения через Портал социальных услуг. Однако обеспечение протезами – это весьма трудоемкий и длительный процесс, который включает в себя, помимо самого изготовления или приобретения протезного изделия, еще и услуги по протезированию, замеру, подбору, регулированию, медицинской реабилитации, а также, при необходимости, ремонт.

В этой связи скажите, пожалуйста, смогут ли инвалиды получить весь этот спектр услуг посредством Портала социальных услуг? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Серик Жамбылович.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! В принципе, лица с инвалидностью могут получить весь спектр услуг. Сегодня 40 тысяч человек зарегистрировались в портале, имеется 8 поставщиков. 10 процентов (4 тысяч) уже подали заявки.

Какой здесь механизм? Получается, человек подает заявку, соответственно, протезно-ортопедический центр рассматривает, и в эти услуги входит замер и так далее. Если есть необходимость присутствия человека, значит, дают заявку в отделы социальной защиты и стационарную часть возмещают. Плюс у лица с инвалидностью есть возможность два раза бесплатно пойти для снятия замера, установления и обучения. Эти затраты будут возмещены в последующем отделами социального обеспечения.

ТӨРАҒА. Спасибо. Это очень хорошо и важно.

Сөз депутат Құсайынов Марат Әпсәметұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ М.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Өткен жылдан бастап аз қамтылған отбасыларға кепілдік берілген әлеуметтік топтама ұсынылуда, оған азық-түлік жиынтығы, тұрмыстық химия тауарларының жиынтығы, мектеп формасы мен аяқ киім, мектеп жазу құралдары кіреді.

Заң жобасында әлеуметтік топтама құнының кепілдік берілген сомасы өнім берушіге бюджет қаражаты есебінен өтелетіні көзделген. Бұл ретте егер таңдалған тауардың құны бюджеттен өтелетін сомадан асатын болса, аз қамтылған отбасылар айырманы өз бетінше төлеуге құқылы.

Осыған байланысты түсіндіріп беріңізші, әлеуметтік топтама құнын өтеудің кепілдік берілген сомасын анықтайтын қандай әдістеме бар? Және ол қандай деректер негізінде есептеледі? Рақмет.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Рақмет, құрметті Марат Әпсәметұлы. Өте жақсы сұрақ.

Қазіргі таңда бұндай әдістеме жоқ, себебі көрсетіліп жатқан қызмет тікелей мемлекеттік сатып алу арқылы болады. Ең бастапқыда екі айлық есептік көрсеткіштен бастап есептелген және жыл сайын инфляция деңгейіне көбейтіліп отырған. Өңірлерде осы бағытта қаражаттар қарастырылып, соған байланысты тікелей мемлекеттік сатып алу арқылы осы қызметтер көрсетілуде.

Біз осы заң жобасы арқылы өзімізге әдістемелік құзырет аламыз. Министрлік әдістемені дайындайды. Және әр өңірде сол себетке кіретін азық-түліктің бағасын саралау арқылы бізге берілген құзырет бойынша бағаны белгілейтін боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызына беріледі.

НҰРКИНА А.Қ. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Серик Жамбулович! Законопроектом предоставляется возможность подачи заявки инвалидам через Портал социальных услуг на санаторно-курортное лечение. Данное предложение, конечно, дает возможность самостоятельного выбора санатория по желанию самого гражданина.

По данным Вашего министерства сегодня на Портале социальных услуг зарегистрирован всего 41 поставщик, который оказывает услуги по санаторно-курортному лечению. При этом средняя цена одного дня реабилитации на портале составляет 8 тысяч тенге, тогда как на рынке эти услуги оказываются по ценам, конечно, значительно выше.

Поясните, пожалуйста, возможно ли за данные средства получить полный объем реабилитационных услуг, а также какая работа проводится Вашим министерством по привлечению поставщиков услуг, которые будут оказывать именно санаторно-курортное лечение? Спасибо.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Спасибо. Очень хорошие вопросы.

Сегодня на портале зарегистрировано уже 62 санаторно-курортных организаций. К возмещению нами выбрана средняя стоимость – 8 тысяч 700. Среднее значение – за три года. Если раньше в каждом регионе разбег был от

6 тысяч до 12 тысяч, то здесь среднее значение выбрано – 8 тысяч 700. В двенадцати регионах выросла цена, в пяти регионах – снижена.

Входит ли сюда полный спектр реабилитации? Мы в этом законопроекте себе берем такие компетенции, как оценка потребностей и методика установления цены. Конечно, в их рамках будем рассматривать, какие виды реабилитации должны быть, какая должна быть их стоимость, какому лицу с инвалидностью какой вид реабилитации положен.

ТӨРАҒА. А сколько стоят на рынке эти услуги по реабилитации?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Әртүрлі, Нұрлан Зайроллаұлы.

ТӨРАҒА. Қанша?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. 30 мың теңге.

ТӨРАҒА. 30 мың теңге. 8 мың теңгеге қандай оңалту қызметтері көрсетіледі? Өзіңіз 30 мың теңге дейсіз. Мысалы, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларындағы баға мен Солтүстік Қазақстан облысындағы бағаның айырмашылығы бар ғой.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Дұрыс айтасыз.

ТӨРАҒА. Қалай 8 мың теңге болады?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Мысалы, портал болмаған кезде осы қызметті өңірлерде 6 мың теңгеге алған. Мүгедектігі бар азаматтардың көбі осыған байланысты өзінің арыз-шағымын түсірді. Себебі жыл сайын конкурс бойынша...

ТӨРАҒА. Қалғанын өздерің төле дейсіз бе?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Өздері төлемейді. Жергілікті атқарушы орган 6 мыңға конкурс өткізеді, конкурста ұтып алған санаторийлік-курорттық емдеу орнына барады.

ТӨРАҒА. Серік Жамбылұлы, өзіңіз айтып отырсыз, нарықта ол 30 мың теңгеден жоғары деп. 6 мың теңге дейсіз, 8 мың теңге дейсіз. Олар тек қағазға қолдарын қойып, акшаларын алады, бірақ бармайды. 6 мың теңгеге, 8 мың теңгеге қандай оңалту қызметтерін алады, егер ол 30 мың теңге болса, 70 мың теңге болса?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Дұрыс айтасыз, Нұрлан Зайроллаұлы. Біз 8 мың 700 теңгені жергілікті атқарушы органға енгізгенбіз, енді осы заңмен өзімізге құзырет алғаннан кейін біз оңалтудың түрін және оның бағасын қайтадан қарайтын боламыз.

ТӨРАҒА. Дұрыс, содан бастауымыз керек. Онда дифференциация болу керек. Әр қаланың, әр аймақтың өзінің бағалары болады, олардың табыстары да әртүрлі.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Оңалтудың түріне де байланысты.

ТӨРАҒА. Иә, оңалтудың түріне байланысты басқа баға болады. Серік Жамбылұлы, бүкіл Қазақстанға 6 мың теңге немесе 8 мың теңге деп бағасын қоя салып, болды, бәрі дайын, қаражат бөліне деп баяндамада айтуға болады, бірақ ол жете ме, жетпей ме, ол басқа мәселе. Оны қарастыруымыз керек.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Қарастырамыз, Нұрлан Зайроллаұлы.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет, Серік Жамбылұлы. Орныңызға отырыңыз. Сұрақтарымыз аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында әзірленген, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарды іске асыруға бағытталған.

Заң жобасында:

7 жастан 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін мүгедектік тобын белгілеу және оларға аурудың ауырлығына байланысты мүгедектік бойынша жәрдемақы енгізу;

бұрын мұндай жәрдемақымен қамтылмаған, 18 жастан кейін бірінші топтағы мүгедек болған адамдардың күтумін жасайтын тұлғаларға 1,4 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшеріндегі жәрдемақыны енгізу;

мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақыларды бір мезгілде алу құқығын беру;

мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасының мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алу кезектілігін бала 18 жасқа толған жағдайда да сақтау;

әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының жұмыс істеу тетігін, табысы аз отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек пен кепілдік берілген әлеуметтік топтама беру шарттарын нақтылау көзделеді.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар:

мүгедектерді техникалық көмекші құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету тетігін жетілдіруге бағытталған;

баласы 1 жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайларда аналарға берілетін әлеуметтік төлемдерді азайтуға жол бермеуге бағытталған;

бірінші топтағы мүгедек немесе оның заңды өкілі оған күтім жасайтын адамды бір жыл ішінде екі реттен асырмай ауыстыра алатынын белгілейтін норманы алып тастайтын;

1998 – 2012 жылдар кезеңінде жұмыстан шығарылған прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқықтарын қалпына келтіру арқылы зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы заңнамадағы олқылықтарды жоюға бағытталған;

төтенше жағдай кезінде жұмыс берушілерді тиісті жарналарды төлеуден босату кезеңінде адамның зейнетақы жүйесі мен міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілін сақтау тетігін нақтылауға бағытталған;

жұмыссыздарды электрондық еңбек биржасында тіркеу рәсімін оңайлатуға бағытталған түзетулер енгізді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы жаңа операторлардың жұмыс істеу орындылығын талдау аяқталғанға дейін оларды құруға тыйым салу туралы тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ ұсынылған түзетулерді іске асыру тетігінің пысықталмауына байланысты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі операторды құруға қатысты нормалар, мүгедектерді жұмысқа орналастыру бойынша квотаны орындамайтын жұмыс берушілерден өтемақы төлемдерін енгізу жөніндегі нормалар алып тасталды.

Депутаттар заң жобасының мазмұнын сапалы жақсартқан, редакциялық сипаттағы түзетулер мен нормаларды заң техникасына сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізді.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы бойынша жұмыс мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жалғасуда.

Осы айтылғандарды ескере отырып заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жанат Әнуарбекқызы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Тілеухан Бекболат Қанайұлына беріледі.

ТІЛЕУХАН Б.Қ. Рақмет, қадірлі Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әлеуметтік қамсыздандыру саясатын ретке келтіру жөніндегі міндетті алға қойған болатын. Мемлекет азаматтардың неғұрлым осал тобына қолдау көрсетуге басымдық беруге тиіс. Бұл ретте мемлекеттік көмектің атаулы болуын және оны алу кезіндегі тиісті талаптарды күшейту қажет.

Азаматтардың неғұрлым осал тобына мүгедектігі бар адамдар да жатады. Қазақстанда мұндай адамдар саны 700 мыңға жуық (695 мың адам).

Мүгедектігі бар адамдардың көпшілігі жақындары мен туыстарының қолдау көрсетуімен еңбектеніп күнін көріп жатыр. Мемлекет елде кедергісіз орта қалыптастыру бойынша шаралар қабылдауда. Президент тарапынан, «Nur Otan» партиясы тарапынан мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша алға қойылған жоспарлардың уақтылы орындалуын тұрақты бақылап отыр.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы Үкімет 2009 жылы бекіткен Мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды іске асыру мақсатында әзірленген.

Заң жобасының нормалары мүгедек балаларға төленетін жәрдемақылар мөлшерін арттыруға мүмкіндік береді. Оларды Тыныс-тіршілік пен

денсаулықтың қызмет етуінің, шектелуінің халықаралық сыныптамасына сәйкес мүгедектік топтарына бөлу – балалар ауруының ауырлығына қарай әлеуметтік медициналық және өзге де көмек көрсету кезінде атаулы тәсілді қолдануға мүмкіндік береді.

Заң жобасының тағы бір жаңашылдығы – бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын адамдарға жаңа жәрдемақы енгізу. Бұрын мұндай жәрдемақы бала кезінен мүгедектерге күтім жасайтын адамдарға ғана төленетін.

Қаралып отырған заң жобасында мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасының мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезектілігін бала 18 жасқа толған жағдайда да сақтау, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақыларды бір мезгілде алу құқығын беру секілді әділ нормалар ұсынылған. Бұл мүгедек балалары бар және асыраушысынан айырылған отбасылардың табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Мен бұл нормалардың барлығын қолдаймын, өйткені олар мүгедек адамдардың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған.

Сонымен қатар заң жобасында жұмыс берушіні банкрот деп тану туралы шешім заңды күшіне енген жағдайда, жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігу немесе кәсіптік ауруға шалдығу салдарынан мүгедек болған адамдарды мемлекет есебінен санаторийлік-курорттық емдеуге қатысты заңнаманың олқылықтары жойылады.

Төтенше жағдай кезеңінде жұмыс берушілерді тиісті жарналарды төлеуден босатқан кезде адамның зейнетақы жүйесі мен міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілін сақтауды қамтамасыз ететін нормалар көзделеді.

Сонымен қатар Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының жұмыс істеу тетігін нақтылау ұсынылады.

Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының жұмысына қатысты нормаларға депутаттар мен жұртшылықтың ерекше назар аударып отырғанын атап өту қажет. Бұл таңқаларлық жайт емес, өйткені портал 2020 жылы іске қосылған және бүгінгі таңда көптеген жаңа бастамалар секілді оның да оң және теріс тұстары бар (мүгедектігі бар адамдар мен жеткізушілердің көптеген сұрақтарын министрлік туындай салысымен дереу шешуде).

Алайда жүйелі сипаттағы мәселелер де бар, оларды жұмыс тобының депутаттары қаралып отырған заң жобасы шеңберінде шешуде. Олардың қатарында портал арқылы қызмет көрсету сапасына мониторинг пен бақылау жүргізу қажеттігі, сондай-ақ оңалту жөніндегі әлеуметтік қызметтер көрсетуді бастамас бұрын мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалауды міндетті түрде жүргізу бар.

Мемлекеттік органдар мүгедектік белгіленген 700 мың азаматтың әрқайсысы қандай көмекші (орнын толтырушы) құралдарға, арнайы жүріп-тұру құралдарына немесе қандай қызметтерге мұқтаж екенін нақты білуге және оларды ұсынуға тиіс. Және осы бағалауды негізге ала отырып әлеуметтік қорғау және қамсыздандыру шараларын қабылдайды. Бәлкім, бұл бірден қолға

алып нақты және жоспарлы түрде жүргізу үшін ауыр әрі күрделі жұмыс болып көрінуі мүмкін, алайда азаматтарымыздың денсаулығын жақсартып, қоғамда толыққанды өмір сүруі үшін дер кезінде нақты көмек көрсеткіміз келсе, бұл істі жүзеге асыруымыз қажет. Қазақта «Қазан қаласына апаратын жол алғашқы қадамнан басталады» деген сөз бар ғой, сол сияқты бастап кету керек болып тұр.

Заң жобасының нормалары екінші оқылымға дейін жетілдіріліп, осы тұрғыдан пысықталады деп ойлаймын.

Осыған байланысты, құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда қолдауды ұсынамын және әріптестерімді де мақұлдау үшін дауыс беруге шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Қанайұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Қаулы қабылданды.



Дүрден: құрастырылған заңнамалар ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майғ Н. Майғынғазы.